Әзіл ме, әлде қорлау ма? Кибербуллингтің көрінбейтін шекарасы.

Қазіргі кезде көптеген жасөспірімдер әлеуметтік желілерде, мессенджерлерде немесе онлайн ойындарда кибербуллинг мәселесімен кездеседі. Ғаламтордың белсенді қолданылуы бұл құбылыстың таралуына мүмкіндік берсе, ол қорлайтын пікірлер, жағымсыз хабарламалар мен жалған ақпарат тарату сияқты әрекеттер арқылы көрінеді.

Кибербуллинг – электронды құралдарды пайдаланып қорлау немесе қудалау түрі. Оның көріністері: *hating, trolling, flaming, cyberstalking, griefing, sexting*. 2000 жылдан бастап жастардың әлеуметтік желілерді кеңінен пайдалану себебіне байланысты, әсіресе 13-15 жас аралығындағы балалар арасында жиі кездеседі. Бәріміз білетін буллинг пен кибербуллингті салыстырсақ, буллинг бұл – қорқыту, басынту, физикалық және психологиялық қысым келтіру нәтижесінде жан дүниесіне немесе денсаулыққа зиян келтіру. Ал кибербуллинг – экранның ар жағынан психикалық және моральдық қысым жасауы. Басты айырмашылығы «Сандық із» қалдыруы, яғни оның көріністері іс-жүзінде жойылмайды.

Әлемдегі кибербуллинг мәселесі.

Бұл мәселенің ауқымын әлемдік статистикадан байқауға болады. Cyberbullying Research Center-дің 2025 жылғы зерттеуі бойынша 2016 жылы 30 күн ішінде оқушылардың **16,5%,** ал 2025 жылы **32,7%** әлеуметтік қорлық көргені сипатталады.



Ересектер де кибербуллингтен зардап шегеді. 18-45 жас аралығындағы АҚШ ойыншыларының 76% қудалауға ұшыраған. Ойыншылардың 10-нан алтауы қатты «қудалауға» тап болғанын айтады. Олардың жартысына жуығы кемсітушілік болғаны туралы мәлімет береді. Төрттен бірінен астамы жыныстық қысым туралы хабарлайды.

13-21 жастағы қыздар мен жас әйелдердің 73% қажетсіз сипаттағы контент алған. *Бұл адамның жеке тұлғалық шекарасын бұзып, психикаға кері әсер беруі мүмкін* (Exploding Tropics).

Бұл көрсеткіштер кибербуллингтің адамның психологиялық жағдайына елеулі әсер ететінін көрсетеді. Онлайн ортадағы тұрақты қысым жасөспірімнің өзіне деген сенімін төмендетіп, оның әлеуметтік қарым-қатынасына кері әсер етуі мүмкін.

Қазақстандағы көрінбейтін мәселе.

Қазақстандағы жағдайдың ерекшелігі неде? ЮНИСЕФ-тің 2023 жылғы «**Kazakhstan Kids Online» зерттеуіне сәйкес**, Қазақстандағы 9-17 жастағы балалардың 21%-ы кибербуллингті бастан өткерген немесе оған куә болған.Деректер бойынша қыздар онлайн кибербуллингке ұлдарға қарағанда жиірек ұшырайды. Мысалы, қыздардың 35%-ы, ұлдардың 18%-ы интернетте біреуге жағымсыз немесе қорлайтын хабарлама жіберілгенін байқады.Бірақ балалардың төрттен бірі осындай жағдайға тап болғанын ата-анасына да, достарына да айтпаған. Олар қолдау алмай, жақындарының қасында «ұятқа» қалуға қорқады.

Экраннан басталып, өмірге әсер ететін мәселе.

БҰҰ мәліметтері бойынша, балалардың шамамен 71 пайызында ұялы телефоны немесе ғаламторға қосылған басқа портативті жүйе бар. Бұл санды деректер жыл сайын өсуге бейім. *Бала неғұрлым цифрлық кеңістікті көп қолданса, соғұрлым қысымға түсу ықтималдығы жоғары*. Кибербуллингтің қауіптілігі оның тек интернеттегі жағымсыз әрекет болып қалмай, адамның психикасының бұзылуына әкелуі мүмкін. Құрбанның өзіне деген сенімі төмендеп, құрдастармен қарым-қатынасқа түсуден оқшауланып, интернетті қолданудан қорқуды бастайды. Әсіресе кибербуллинг туралы ешкімге айтпау мәселені одан әрі күрделендіреді.

Мамандар не дейді?

Ұлттық денсаулық сақтау орталығының басқарма төрағасы **Салтанат Назарованың** айтуынша, «мектептерде қорлау әлі де орын алып, ең жиі 11 жастағы жасөспірімдер арасында кездеседі. Жасөспірімдер ортасында буллинг пен кибербуллинг балалардың психикалық және эмоционалдық дамуына теріс әсер етуі маңызды мәселе. Сондықтан мектептерде, отбасында, қоғамда әр оқушы өзін қорғалып, құрметтелетінін сезіне алатын қауіпсіз әрі қолдау көрсететін орта құру маңызды.»

«Әлеуметтік желілер жасөспірім кезінде құрдастар арасындағы қарым-қатынасты нығайта алады, бірақ сонымен қатар теріс пікірталастарға алаң бола алады, бұл өте ауыр болуы мүмкін. Жасөспірімдер бұл ауыр тәжірибелерді бетпе-бет кездескендей эмоционалды түрде қабылдай алмайды. Интернетте мәселені шешуге бұрынғыдай мүмкіндіктер жоқ.» — дейді **Холли Собел, PhD, жасөспірім клиенттер мен олардың отбасыларын емдеуге маманданған Family Institute клиницисті.**

Сондықтан кибербуллингпен күресті тек жәбірленушінің өзіне жүктеу жеткіліксіз. Баланың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге отбасы, мектеп, цифрлық платформалар және мемлекет қатар атсалысуы керек. Мысалы ата-ана баламен ашық сөйлесіп, баланың интернеттегі өміріне қызығушылық таныту керек. Мектеп түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, оқушыға шағымдануға қауіпсіз мүмкіндік беруі қажет. Әлеуметтік желілер шағымдану құралдарын жетілдіріп, қорлайтын контентті жылдам қарастырып көмектесе алады.

Қауіпсіз ғаламтор – ортақ жауапкершілік.

Кибербуллинг - қазіргі цифрлық қоғамдағы жасөспірімдер үшін өзекті мәселелердің бірі. Әлемдік статистика бұл құбылыстың кең таралғанын көрсетсе, Қазақстандағы зерттеулер де оның балалар арасында кездесетінін дәлелдейді. Кибербуллингтің ерекшелігі - оның интернет арқылы тез таралып, жәбірленушіге қысымның әсерін онлайн ортадан тыс жерде де сезіндіруі. Сондықтан бұл мәселені тек жасөспірімдердің өзара қарым-қатынасы ретінде қарастыру жеткіліксіз. Оның алдын алу үшін ата-аналар, мектептер, цифрлық платформалар және мемлекеттік ұйымдар бірлесіп әрекет етуі қажет. Меніңше, балаларды интернеттен шектеуден гөрі, оларды цифрлық ортада қауіпсіз әрі жауапкершілікпен әрекет етуге үйрету маңызды. ***Кибербуллингке немқұрайлы қарамау және уақытында көмек көрсету - қауіпсіз онлайн ортаны қалыптастырудың негізгі қадамдарының бірі.***

Пайдаланылған деректер:

- Summary of Our Cyberbullying Research (2004-2025)
- 18 Cyberbullying Facts & Statistics (2025)
- Children in the digital world: Kazakhstan strengthens protection
- Каждый восьмой ребенок школьного возраста в Казахстане подвергается кибербуллингу. Данные международного исследования «Поведение детей школьного возраста в отношении здоровья» HBSC — НЦОЗ
- Cyber bullying more difficult for teenagers to process psychologically than in-person bullying | ScienceDaily